



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Таким образом, по расчетам к 2050 году преобразования в рамках «зеленой экономики» позволят более дополнительно увеличить ВВП на 3%, создать более 500 тысяч новых рабочих мест, сформировать новые отрасли промышленности и сферы услуг, обеспечить повсеместно высокие стандарты качества жизни для населения.

Список использованной литературы:

1. Выступление Министра финансов Республики Казахстан Б.Жамишева на Парламентских слушаниях по теме «Роль государственного бюджета в развитии АПК». 2010 год.
2. Стратегия Казахстана 2050
3. Пилюгин Р.А. Организационно-экономические основы функционирования инновационной деятельности в АПК. 2006, с.15-25

ӘОЖ 349.6

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР САЛДАРЫНАН КЕЛГЕН ЗИЯНДЫ ӨТЕУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қадылбекова Әсел Жанатқызы

asselya.k@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Тулеубаева Г.Ж.

Бүгінгі таңда Қазақстан аумағында баршаға мәлім болған деректердің негізінің өзінде, экологиялық мәселенің ең күрделі, әрі көкейтесті екендігіне көз жеткіземіз. Бұның түп тамыры ғарсырдың баға жетпес жетістігі – технологиялардың дамуында жатыр десек, қателеспейміз. Себебі, үздік технологиялар бір көзбен қарағанда өмір сүруді жеңілдеткенімен, кері әсерін де тигізетіндігі сөзсіз.

Қазіргі кездегі құқықтық тұжырымдамалық негізінде табиғатты қорғау мемлекеттің арнайы функциясы болып табылады. Экологиялық – экономикалық жауапкершіліктің құқықтық жауапкершіліктің басты айыпмашылығы, біріншіден, келтірілген зиянның құқықтық шарасы арқылы құрылады, екіншіден, құқық бұзушылық айғақтар болып табылады. Ең алдымен экологиялық құқықтық жауапкершілік – едәуір, ауқымды шартты түрі. Ол қоршаған ортаны қорғауға байланысты кең кешенді, заңды жауапкершіліктің түр болатын - әкімшілік, қылмыстық, азаматтық – құқықтық, материалдық және тәртіптік.

Көптеген жылдар бойы республикамыздың экономикасы «метрополияға» өлкенің табиғи байлықтарын жеткізіп, бұрынғы Кеңес Одағының шикізат базасы ретінде ғана дамығаны мәлім.

Бір ғана Шығыс Қазақстанның өзінде өнеркәсіптік кәсіпорындар санитарлық аймағының режимі бұзылуы өнеркәсіптік экспанцияға, яғни қала территориясының жаппай өнеркәсіптік кәсіпорындар жайлауына әкеп соқты. Нәтижесінде 1990 жылы санитарлық аймақтарда Өскемен қаласының 21.000, Лениногорск (қазіргі Риддер) – 5.500, Глубокое кентінің 7.500 тұрғыны өмір сүрді.

Кеңес мемлекетінің экологиялық саясатындағы дуализм 1980-1991 жылдары ерекше айқын және нақты көрінді. Бір жағынан қатаң талаптары бар табиғатты қорғау жөніндегі заңнамалар, үкімет және партия қаулылары, табиғатты қорғау жөніндегі министрлік және ведомстволардың нұсқаулары болды; екінші жағынан – қызметі қоршаған табиғи ортаға және тұрғындардың денсаулығына зиян тигізетін аймақ өнеркәсібінің табиғатты қорғау жөніндегі заңнаманы елеулі бұзуы.

Қазірдің өзінде-ақ соңғы бес-оны жылдан бері Шығыс Қазақстанда полиметалл кен орындары рудаларын өндіру және қайта өңдеумен айналысатын 6 ірі өнеркәсіптік кәсіпорын қызмет етуде: Шығыс Қазақстан мыс-химиялық комбинаты (ШҚ МХК), Ертіс полиметалл

комбинаты (ЕПК), Лениногор полиметалл комбинаты (ЛПК), Зырян қорғасын-мырыш комбинаты (ЗҚМК), Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты (ӨҚМК). Қоршаған ортаға кері әсерінің дәрежесі бойынша әрекет етуші кәсіпорындарды келесідей тізіммен орналастыруға болады:

1. металлургиялық өндіріс
2. тау-байыту фабрикалары
3. ашық жұмыс істейтін кен шығаратын орындар (карьер)
4. жерасты кеніштері

Кейбір ғалымдар экологиялық құқық бұзушылық объектісі ретінде материалдардық және материалдық емес игіліктерді, атап айтқанда, заң бойынша ластаудан, тозу және күйреуден қорғалатын табиғи объектілер мен кешендерді, сондай-ақ жалпы қоршаған ортаны, табиғи ортаның сапасына байланысты адамның денсаулығы мен материалдық құндылықтарды не қоршаған ортаның сапасын, басқалары – құқық қорғау мүддесін алып жүр.

Ғалымдардың бір тобы заң тұрғысынан маңызды әлеуметтік қатынастар мен оларды реттейтін құқықтық нормалардың ажырамас байланысы туралы тұжырымға негіздеп, құқық бұзушылық объектісінің құрамына заңнаманың табиғатты қорғау және табиғи ресурстар саласындағы нормаалар және олар реттейтін қоғамдық қатынастарды енгізіп отыр.

Сонымен, құқық нормалары арқылы реттелетін және қорғалатын, табиғи ресурстарға меншік және өзге мүліктік құқық қатынастардан, табиғатты пайдалану саласындағы басқарушылық қатынастарынан, қоршаған ортаны зиянды әсерден қорғау жөніндегі қатынастардан, субъективтік экологиялық құқықтарды және адам мен азаматтың заңды құқықтарын қорғау жөніндегі қатынастардан тұратын, жалпы қоршаған орта мен оның жеке құрамдары бойынша қоғамдық қатынастардың жиынтығы экологиялық құқық бұзушылық объектісі болып табылады.

2007 жылғы 9 қаңтарда қабылданған ҚР Экологиялық кодексінің 321 бабында экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік қарастырылған:

- 1) табиғи ресурстарды жою мен бүлдірудің;
- 2) табиғи ресурстарды заңсыз және ұтымсыз пайдаланудың;
- 3) қоршаған ортаны өз бетімен ластаудың, оның ішінде авариялық, келісілмеген жаппай шығарындылар мен төгінділердің, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастырудың;
- 4) қоршаған ортаны нормативтен тыс ластаудың салдарынан қоршаған ортаға, азаматтардың денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің мүлкіне келтірілген залал өтелуге тиіс.

ҚР Экологиялық заңдарды бұзу салдарынан азаматтардың денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиян зардап шегушінің еңбек қабілетінен айырылу дәрежесін оны емдеуге және денсаулығын қалпына келтіруге жұмсалған шығындарды, науқасты күту жөніндегі шығындарды, өзге де шығындар мен залалдарды ескере отырып толық көлемінде өтелуге тиістігі туралы Экологиялық заңдардың негізгі ережесі болып табылады. Азаматтардың денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиянның шамасын анықтау қолданылып жүрген заңдарға сәйкес, ол заңды өтеу сот шешімі негізінде жүргізіледі. ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 1999 жылғы 9 шілдедегі №9 “Соттардың денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу жөніндегі заңнаманы қолданылуының кейбір мәселелері туралы” қаулысына сәйкес денсаулығына келтірілген зиянды өтеу құқығына кәсіби еңбек қабілеттігін, ал ондай болмаған жағдайда жалпы еңбекке қабілеттігін толық не ішінара жоғалтқан зардап шегушілер ие болатыны соттарға түсіндіріледі.

Қоршаған ортаның ауқымды ластануы және көлемді экологиялық зиян кезінде жағымсыз салдарды жою, шұғыл жәрдем көрсету және экологиялық зиян үшін халыққа өтеақы төлеуді мемлекет ұйымдастырады.

Құзыретті органдардың шешімдері негізінде жоспарлы түрде экологиялық зиянды даусыз өтеу арнайы әдебиетте әкімшілік өтеу деп аталады.

Төтенше экологиялық ахуал салдарынан зардап шеккен, сондай-ақ экологиялық апат аймақтарында тұратын азаматтардың келтірілген зиянды өтеуге, оның ішінде өтемақыға, жеңілдіктер мен әлеуметтік қорғаудың өзге түрлеріне құқығы бар.

Сонымен, азаматтардың әкімшілік тәртіпте ақшалай өтем алу құқығы аумаққа тиісті беру туралы мәселе шешілгеннен кейін жүзеге асырылады.

Жоғарыда көрсетілген төтенше экологиялық ахуалдың түсінігі оның ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Айталық, О.Л.Дубовик төтенше экологиялық ахуалдың мынадай құрамын келтіреді:

1. ахуалды құрайтын процестерді көрсету
2. қоршаған ортаның жай-күйі
3. ахуал ықтималы

Қандай да болмасын аумақтағы қоршаған ортаның қауіпті өзгеруі ірі өндірістік апаттардың, сондай-ақ ұзақ заңды, бірақ экологиялық тұрғыдан қалыпсыз дамудың себебі болуы мүмкін екенін айта кеткен жөн.

XXI ғасырдағы ғылымның ұлы жетістіктерінің бірі – технология жетістіктерін пайдалануға қол жеткізу болса, бұл бір жағынан адамзат баласының алдындағы көптеген күрделі мәселелердің шешілуіне, ғылым мен техниканың дамуы барысында үлкен бетбұрыс алуына мүмкіндік жасаса, екінші жағынан ол өзінің кері әсерін де тигізіп отыр.

Экологиялық тұрғыдан алғанда Қазақстан аумағы жағынан да, тұрғындардың жан басына шаққанда да әлемдегі ең лас аймақ болып табылады. Демек, ел аумағының экологиялық ластануы адамзаттың өмір сүруін тоқтататындай жағдайға таяуда. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалық етуімен Қауіпсіздік кеңесінің кезекті отырысында күн тәртібінде республикадағы экологиялық ахуалдың арнайы қаралуы осының айғағы.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 6 ақпан 2008 жылғы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына жолдауында мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасына қатысты бірнеше бағыттағы өзгерістер енгізу қажеттігін атап көрсеткен. Соның ішіндегі төртінші бағытында - жеке меншік тұрғын үй құрылысында индустриялық, арзан және экологиялық таза технологияларды игеру басымдыққа ие болуға тиіс. Шет мемлекеттердің озық тәжірибелерін кеңінен қолдану керек деп атап өтті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Левченко Г.А. Особенности формирования промышленных узлов Восточно-Казахстанской области. // Сб. науч. ст. № 1, Усть-Каменогорск: ВКГУ, 1999, С.336-340.
2. Большой Алтай (геология и металлогения) / Под. Ред. Г.Н.Щербы. Алматы: РИО ВАК РК. 2000. С.366-378.
3. Байсалов С.Б. Развитие и совершенствование природоохранного законодательства Казахской ССР//Вестник Академии наук Казахской ССР, 1982, №10, с.35
4. ҚР Экологиялық кодексі 09.01.2007 ж.
5. ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 1999 жылғы 9 шілдедегі №9 «Денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу бойынша Республика заңдарын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» қаулысы.
6. Б.Әбдірайымов. Экологиялық зиян: сипаттамасы, денсаулыққа әсері, сот арқылы өтелуі/Алматы: ЮРИСТ, 2001. с.32
7. Дубовик О.Л. Механизм действия права в охране окружающей среды – М., 1984.

ӘОЖ: 349.6

АВТОКӨЛІК – ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗАРДАПТАРДЫҢ БАСТЫ КӨЗІ